

## **Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар соларға теңестірілген тұлғаларға тіс протезін салуға әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі N 236 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қазанда N 13-6-129 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 2 ақпандағы N 41 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2010.02.02 N 41 Қаулысымен*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына, «2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы» Есіл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 шешіміне (2009 жылғы 15 қаңтарда Мемлекеттік тіркеу тізілімінің аумақтық тарауында № 13-6-107 болып тіркелген, 2009 жылғы 13 ақпандағы № 7(140) «Есіл таңы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 3(8411) «Ишим» газеттерінде жарияланған) сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тіс протезін салуға әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер және кепілдер бойынша теңестірілген тұлғаларға беріледі:

2. Тіс протезін салуға төлемдер «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» 451007000 шығыстың бюджеттік сыныптамасының коды бойынша 2009 жылы бөлінген жергілікті бюджет қаражатынан жүргізілсін.

3. Орталық аудандық аурухана (келісім бойынша) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер және кепілдер бойынша теңестірілген тұлғаларға сапалы тіс протезін салуды қамтамасыз етсін.

4. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер және кепілдер бойынша теңестірілген тұлғалар тұрғылықты жері бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі» ММ келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) мәртебесін куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) тұрғылықты жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) тіс протезін салудың бағасы туралы ұйымның шот-фактурасы.

5. Әлеуметтік көмекті төлеу Қазақстан Республикасы Халық банкінің лицензиясы бар екінші деңгейлі банк филиалдары және Қазақстан Республикасы Агенттігінің қаржы нарығын және қаржы ұйымын реттеу және қадағалау бойынша лицензиясы бар «Қазпошта» АҚ арқылы азаматтардың жеке шоттарына салу жолымен жүзеге асырылады.

Екінші деңгейлі банктер немесе «Қазпошта» АҚ келісімшарт және ақылы қызмет көрсету негізінде алушылардың ашық жеке шоттарына соманы аударуды жүзеге асырады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.К. Бектасоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Есіл ауданының әкімі*

*В. Бубенко*

*К Е Л І С І Л Д І :*

*О р т а л ы қ а у д а н д ы қ*

*ауруханасы бас дәрігерінің*

*Барабаш*

*міндеттерін атқарушысы*

*Александр Иванович*

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2009 жылғы

23

қыркүйектегі

№

236

қаулысына қосымша

Солтүстік

Қазақстан

облысы

Есіл ауданы

жұмыспен

қамту

және әлеуметтік

бағдарламалар

бөлімінің бастығына

Өтініш

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Мәртебесі \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

Есепшотының нөмірі \_\_\_\_\_

Бөлімшеде \_\_\_\_\_

Маған тіс протезін салуға әлеуметтік көмек тағайындауыңызды өтінемін.

Қосымша \_\_\_\_\_ бетте

2009

жылдың

«\_\_\_»

-----

-----

өтініш иесінің қолы

Өтініш қабылданды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК